

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк аумағы бойынша тасымалдау (тасу) үшін кедендейк транзит кедендейк ресімімен орналастырылмайтын, кері экспорт кедендейк ресімімен орналастырылған тауарлар санаттарын анықтау және Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 18-тармағына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 9 тамыздағы № 112 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 105-бабының 5-тармағына және 240-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк аумағы бойынша тасымалдау (тасу) үшін кері экспорт кедендейк ресімімен орналастырылған мынадай тауарлар:

а) (осы тауарлар онда кері экспорт кедендейк ресімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес акцизделетін тауарларды қоспағанда) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк аумағында қайта өндөу жөніндегі операциялардың нәтижесінде алынған (пайда болған) тауарлар (қайта өндөу өнімдері, қалдықтар және қалған қалдықтар);

б) тауарларды буып-түюге және қорғауға арналған айналымға көп түсетін (қайтарылатын) ыдыс кедендейк транзит кедендейк ресімімен орналастырылмайды деп белгіленсін.

2. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 18-тармағына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

3. Осы Шешім реңми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы

B. Назаренко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 9 тамыздағы
№ 112 шешіміне
ҚОСЫМША

**Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 18-тармағына енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 9) тармақшада:

а) жиырма бірінші абзац "Декларацияланатын" деген сөз "Осы тармақшаның жиырма екінші – жиырма төртінші (kesteden кейін) абзацтарында көзделген жағдайды қоспағанда, декларацияланатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) жиырма бірінші абзацтан кейін (kesteden кейін) мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Бағанда кеден аумағы бойынша тасымалдау (тасу) үшін кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылмайтын мынадай тауарлар кері экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған жағдайда осы тармақшаның үшінші – жиырмасынышы абзацтарына сәйкес (kesteden кейін) көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі:

кеден аумағында қайта өндеу жөніндегі операциялардың нәтижесінде алынған (пайда болған) тауарлар (қайта өндеу өнімдері, қалдықтар мен қалған қалдықтар);

тауарларды буып-түюге және қорғауға арналған айналымға көп түсетін (қайтарылатын) ыдыс.". .

2. 11) тармақшада:

а) он жетінші абзац "Декларацияланатын" деген сөз "Осы тармақшаның он сегізінші – жиырмасынышы (kesteden кейін) абзацтарында көзделген жағдайды қоспағанда, декларацияланатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) он жетінші абзацтан кейін (kesteden кейін) мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Бағанда кеден аумағы бойынша тасымалдау (тасу) үшін кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылмайтын мынадай тауарлар кері экспорт кедендік рәсіміне орналастырылған жағдайда осы тармақшаның екінші – он бесінші абзацтарына (kesteden кейін) сәйкес көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі:

кеден аумағында қайта өндеу жөніндегі операциялардың нәтижесінде алынған (пайда болған) тауарлар (қайта өндеу өнімдері, қалдықтар мен қалған қалдықтар);

тауарларды буып-түюге және қорғауға арналған айналымға көп түсетін (қайтарылатын) ыдыс.". .